



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙДЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ИССЛЕДОВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КИТАЯ

ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАТЫНАСТАРЫ: ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор
НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫНЫҢ
60 жылдық мерейтойына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

14 мамыр 2014 жыл



ОТНОШЕНИЯ КИТАЯ СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ИСТОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно-практической конференции,
посвященной 60-летию юбилею
доктора исторических наук, профессора
НАБИЖАН МУКАМЕТХАНУЛЫ

14 мая 2014 года

Алматы 2014

1. В.П.Юрченко. О положении в западных провинциях Судана, Институт Ближнего Востока (2004 г.).
2. UN High Commissioner for Refugees, UNHCR Country Operations Plan 2006 -<http://www.unhcr.org/refworld/docid/4321alec2.html>.
3. Darfur Scores, Genocide Intervention Network - <http://www.darfurscores.org/darixir>.
4. Быстрое А.А. Дарфур: немного статистики. Институт Ближнего Востока, 30.11.2010.
5. Darfur Scores, Genocide Intervention Network - <http://www.darfurscores.org/darixir>
6. UN High Commissioner for Refugees, UNHCR Country Operations Plan 2006 -<http://www.unhcr.org/refworld/docid/4321alec2.html>.

Л.Т. Исова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІК КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Түркі тілдес халықтардың арасындағы бауырластық байланыстың тарихы тым тереңде жатқаны белгілі. Тегі мен тілі бір, тілегі бір туыстардың сауда-экономикалық қарым-қатынасы аралас құраласы ұзақ жылдар үзіліп қалса да, бірін бірі ұмытқан жоқ. Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік 1933 жылғы 29 қазанда тәуелсіз Түркия Республикасының келешегі туралы ой қорыта «Бүгін Кеңес Одағы – досымыз, одақтасымыз. Алайда, ертең не боларын бүгін ешкім кесіп айта алмайды. Дүние жаңа тепе – теңдікке ұласуы мүмкін. Міне, сол кезде Түркия не істеу керектігін білуі тиіс. Бұл досымыздың қол астында тілі, діні, тегі бір бауырларымыз бар. Оларға қол ұшын созуға дайын болуымыз қажет! Әзір болу – сол күнді үнсіз күту емес. Дайындалған жөн. Халықтар бұған қалай әзірленеді. Рухани көпірлерді сақтай отырып әзірленеді. Тіл – бір көпір... Сенім – бір көпір... Тарих – бір көпір. Тамыр – тегімізге оралып, сан қилы оқиғалармен сөгілген тарихымызда түгенделуге тиіспіз», - деген еді [2, 17-бб.]. Міне осындай іргелі мемлекеттің саяси дамуын қалыптастырған сексен жылдың ішінде, қоғамдық ойы бүгін елдің елдік, тектік, ынтымақтастық бағдарының тиянақты дамуына негіз жасаған көшбасшысының көрегендігінің арқасында бүгіндері өзге де түркі әлемі елдерінің де шынайы мұрағатына айналғаны сөзсіз. Осындай үлгі тұтарлық өміршең ұстаным, болашақтағы жастарға артылған сеніммен сабақтасқан түрік басшысының сабақтары көзқарасы болатын.

Түркияның империядан республикаға өту тәжірибесіндегі басты қадам, жастарға жауапкершілік танытудың озық үлгілерін жасай білуі болатын. Батыстық модернизацияны бағдар ете отырып, оның басты көзі – қоғамның таусылмас ресурсы жастар потенциалын мақсатты істерге уақытылы жұмылдыра білу, Мұстафа Кемал саясатының бедерлі тұсына айналады.

Ұлттық негіздегі мемлекет құру жолындағы Түркия Республикасының ұстанымының негізін жастар саясаты құрады. Жастар саясаты Мұстафа Кемал Ататүрік жасаған баяндамалар мен мақалалар мазмұнының құрамды бөлігін сипаттайды. Елдің ішкі және сыртқы саясатындағы жастардың жалпы орны мен көзқарастары М.Кемал еңбектерінің ұстанымдық жүйесін құрады. М.Кемал жасаған жастар мәселесіне байланысты мәлімдемелерден, елдегі жас буынның мемлекеттілікті қалыптастыру кезеңдегі әртүрлі белестерде де назардан әсте шықпағанын байқау орынды. 1919 жылғы Сивасс конгресі барысында ол республика тағдырындағы түрік жастарының рөліне “біз жастарға барлығын қалдырамыз, қазіргі жастар, ешнәрсені ұмытпайтын жастар. Олар – біздің жарқын болашағымыз”- деп, аса маңызды баға береді [1,12-б.]. Республика жарияланғаннан кейін жастарды түрік халқының рухани күшін біріктіретін және нығайтатын күш ретінде санаған М.Кемал, жастарға Жолдауында өзінің көзқарастарын нақтылай түседі. Түркия Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін, 1927 жылғы қазанда болған Халықтық-республикалық партияның II съезіндегі М.Кемал Ататүріктің бірнеше күндерге жалғастыра сөйлеген атақты “Сөзінде” былай делінген: “Құрметті мырзалар! Сіздердің назарларыңызды бірнеше күн өзіне аударған менің ұзақта, нақты мәлімдемем, бұл ендігі тұста тарихтың жетістігіне айналған уақыт жөніндегі әңгіме. Менің ұлтыма және болашақ ұрпаққа қажетті жарқын мәселелерді көтере алсам, өзімді бақытты деп санаймын. Мен өз сөзімде ұлттық күйреу алдында тұрған құдіретті ұлттың тәуелсіздікке қол жеткізіп, ғылым мен техниканың соңғы жетістігіндегі ұлттық және қазіргі уақыттың мемлекетін қалай құра білгенін айтқым келді. Қазіргі қол жеткізілген нәтиже біздің сүйікті Отанымыздың әр бұрышын жылытқан

қанның, және бірнеше ғасырларға созылып келе жатқан ұлттық сілкіністер кезеңінде сыналған қырағылықтың өлшемі саналады. Мен бұл нәтижені түрік жастарына қасиетті сый ретінде көремін.

Түрік жастары! Сенің алғашқы қадамың – тәуелсіз Түркияны, Түрік Республикасын қорғау және сақтау. Бұл қазіргі мен болашақтың жалғыз ғана негізі. Бұл негіз нақ сенімділіктің нағыз құнды көзі. Болашақта, елдің ішінде және оның маңайында да сені осы құнды көзден айыруды қалайтындар табылуы сөзсіз. Егерде, бірде саған тәуелсіздікті, республиканы қорғауға мәжбүрлік туса, онда өзінің борышынды орындай жүріп қалыптасқан жағдай туралы ойлануға тиісті емессің. Ол жағдайлар тіпті жағымсыз болуы мүмкін. Тәуелсіздікті және республиканы жоюды көздеген жағымсыздар, ескермеген жеңістерге қол жеткізуі неғайбыл. Олар күшпен, арбаумен біздің сүйікті Отанымыздың барлық бекіністері мен порттарын жаулап, әскерді тарата, елдің әр бұрышын басып алуы да ғажап емес. Жағдай өте өкінішті және қорқынышты да болуы мүмкін, сол кезде өз елінде билікте отырғандар шашасуға түсіп, жолдан таяр, тіпті сатқындыққа да барар. Ақуал, елге енген жағымсыздардың саяси мүддесімен билікте тұрғандар мүддесі біріккен кезде мүлде қоюлана түседі. Ұлт күйреп, тоқырайды, қайыршылықтың жағдайы сезілуі мүмкін.

Болашақтың түрік жастары! Тіпті осындай жағдайда да сенің міндетің Түркияның тәуелсіздігі мен республиканы құтқару болып қала береді. Ол үшін сенің күре тамырларыңда бүркіп тұрған текті қаныңда қажетті күштің барын ұмытпа!” [2, 656-657 бб.].

Бұл “Жолдау” 1938 жылы Мұстафа Кемал қайтыс болған соң “Өсиет” деген атау алып, Ататүрік кесенесінің қабырғасына алтын әріптермен жазылады. “Өсиеттің” негізгі тұстары бағдарламалық сипатқа ие болады да, ары қарайғы уақыттарда ұлттық буржуазияның саяси өкілдері тарапынан түрік жастары арасындағы қызмет негізіне алынады.

Мұстафа Кемалдың көзі тірісінде және ол қайтыс болғаннан кейінгі біраз уақыттарда да Халықтық-республикалық партия оның жастарға арнаған бағдарламасының ұстанымдарын ешқандай өзгерістерге салмай басшылыққа алып отырады. Осы уақыттар аталмыш партия үшін “ататүріктік” жастар бағдарламасының негізгі тұстарын өздерінің саяси тәжірибесіне қалай пайдалану қажеттігі туралы қойылған мәселелермен ұштасады. Партия сондықтан да мемлекетке арқа сүйей, ел жастарын басқарудың жүйесін күш сала құру жолына түскен еді.

Жастарға басшылық етудің бұл жүйесі білімгер жастарды ғана емес, сонымен бірге қала және ауылды жерлердегі еңбеккер жастарды да Түркияның Ұлы ұлттық жиналысының маңайына топтастыра, Ататүрік реформаларының жүзеге асырылуына жұмылдырылатын күшке саяси қолдау білдіреді. Сонымен бірге түрік жастарын рухани жаңартуға бағытталған ағартушылық Ататүрік ұстанымдарын олардың санасына “ресми доктрина” ретінде қалдыру жолымен жүзеге асады.

Халықтық-республикалық партияның осы мақсаттарда жүргізген алғашқы амалдары білім беру саласындағы реформалардан бастау алады. Зайрлы негізде білім берудің бағыты, бұл салаға инвестицияның көптеп тартылуы барысында мектептер және жоғары оқу орындары желісін кеңейтумен қолға алынады. Жастармен жұмыс жүргізетін орталықтар “халықтық үйлер” делінген атауға ие болады. 1932 жылғы осы партияның III съезінің шешімімен алғашқы 14 “халықтық үйлер” ашылады. Одан соңғы жылдары саны көптеп көбейген “халықтық үйлер” әрбір вилайетте өз жұмысын жүргізеді. Мәдени-ағартушылық және насихат бағыттарында барлық үгіт құралдарын пайдалана отырып жұмыс жүргізген, бұл орталықтар Ататүрік идеялары және түрік ұлтының рухани мүдделерін дамыту жолында қызмет етеді.

Мұстафа Кемал Ататүрік түрік жастарын жаңаша ойлау жетегіне ілестіру үшін Түркияның түпкі аймақтары мен қалаларын өзі арнайы аралай жүре насихат жасайды. Халықпен ұзақ уақыт әңгіме құра отырып, өзінің жеке тұлғасында өзі жасаған реформаларын насихаттайды. Жанында жазу-сызу құралдарын ала жүретін Мұстафа Кемал жүрген жерінде халық мен жастарын жаңа ғарішке үйретуден ерінбейді [3, 124-б.]. Бұл істе жаңалыққа бейім жастарға арқа сүйеген М.Кемалдың “Отандас! Түрікше сөйле!”, “Жергілікті тауарларды ғана тұтынамыз” және өзге де ұрандармен жұмыс істеген түрік студент жастары Одағы терең қолдайды [4, 185-б.].

Мұстафа Кемал Ататүрік құрған жаңа мемлекеттің басты қайнар көзі, дамудың жетекші күшінің категориясын сипаттады. Алаштың біртуар азаматы Мағжан Жұмабаев айтқандай: “Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты” жастарға деген сенімнің күшіне ерік беру, Түркияның бүгінгі халықаралық кеңістіктегі қарышты қадамдарының жүзеге асырылуының нәтижесімен астасары сөзсіз.

1. Ozankaya O. Suzlanarak unutulmuş gençlik. – Cumhuriyet, 19.05.1980.
2. Atatürk K. Sıyev. C.1-2. Ankara, 1974.
3. Schramm W. Mass Media and National Development. P., 1964.
4. Kılınçel C. Türk toplumunda bugünün gençliği. İstanbul, 1970.

ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Қожахметұлы К., Андижанов А.Т. Проблемы оборонного сектора КНР (1949-1959)	86
Губайдуллина М.Ш. Китайский вектор в Европейской стратегии развития отношений с Азией	90
Алдабек Н.А., Сериккалиева А.Е. «Новая дипломатия Китая» и Шанхайская Организация Сотрудничества	94
Макашева К.Н. ШОС и вопросы формирования Энергетического клуба	97
Идрышева Ж.Қ., Ж.Бекетан, Жакитова М.Қ. XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы Қытай мен Ресей арасындағы энергетикалық саладағы ынтымақтастық	102
Смағұлова К.Қ. Қытайдың Шыңжаңдағы аз ұлттарға ұстанатын саясаты	108
Акатаева А.А., Zhakenov D. China and US relations at present international relations	110
Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г. НАТО және ШЫҰ: тоғысу нүктесі	117
Жұматай Ғ.Б. Қытайдың демографиялық саясаты және оның халықаралық қатынастарға ықпалы	119
Ташметова Р.С. Тәуелсіз Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастың қалыптасуы	126
Ibraeva E.B., Rakhimbaeva R.M. Kazakhstan and China: current position of affairs	128
Қожахметұлы К. Казахстан: проблема воды и национальная безопасность	130
Байзақова К.Е., Кызылбаева Ж.С. Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісім-шарт ұйымына мүше елдерінің ұлттық мүдде аясындағы стратегиялары	132
Мұқаметхан Н, Мырзақімова Т. Пәкістан сыртқы саясатының қалыптасу факторлары	138
Макашева К.Н., Тауасарова Ж.Ә. ХХІ ғасырдағы Еуразиялық идея және Қазақстанның даму мүмкіндіктері	142
Мовкебаева Г.А. Стратегия обеспечения энергетической безопасности Европейского Союза	145
Қожахметұлы К., Батырбекова А. Жапонияның қазіргі кезеңдегі саяси дамуының ерекшеліктері	150
Kukeeva F.T., Sembekov N. The role of university cooperation programme on providing humanitarian aids the case of the former Yugoslavia	154
Ауган М.А., Малгунусова А, Садықов А. Борьба с религиозным экстремизмом и терроризмом: опыт Казахстана	159
Chukubayev E.S., Kanaliyeva R.S. The threat of industrial espionage and information protection between Asia-Pacific Region and US	162
Мырзабеков М.С. Дүниежүзілік сауда және АКТ елдерінің Доха келіссөздеріндегі позициялары	166
Әліпбаев А.Р., Бөжеева Б.З. Дарфур қақтығысының шығу себептері және шешілу мүмкіндіктері	172
Исова Л.Т. Түркі әлемінің көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүрік көзқарасындағы жастар бағдарламасының өміршеңдігі	175
Кульбаева А.Т. Проблема 2014: казахстанский вектор	177
Chukubayev E.S., Kenzhegulov K.S. International terrorism as a crime against the peace and security of humanity	180
Кошербаев Ж.Д. Казахстанско-российское сотрудничество в атомной энергетике в контексте евразийской интеграции	183
Мырзабеков М.С., Айдабосын С. Қазақстан мен Қырғыз Республикасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың саяси-құқықтық астарлары	186
Әліпбаев А.Р., Әби Ж. Қазақстан мен Ресей арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесі	188
Балаубаева Б.М., Әмірқұлова А.А. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытай миграциясы	192
Шкапяк О. Политика России в Центральной Азии в области безопасности: исторический аспект	196
Момынқұлов Ж., Құрманқұлов М. Сириядағы қарулы қақтығыстың қазіргі ахуалы	199
Малбаков Д. Влияние внешних центров сил на процесс трансформации в Восточной Европе	201